

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 812 Қаулысы

"Байқоңыр" кешені объектілері мен мүлкінің техникалық жай-күйін және пайдалану перспективаларын кешенді бағалауға байланысты зерттеу жұмыстарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар кешенін өткізу және "Байқоңыр" ғарыш айлағында кәсіпорын ресурстарын жоспарлаудың ақпараттық жүйесін (ERP) енгізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне 2006 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен "Байқоңыр" кешені бойынша зерттеу жұмыстарының бастапқы кезеңін жүргізу үшін 200000000 (екі жүз миллион) теңге және "Байқоңыр" ғарыш айлағында кәсіпорын ресурстарын жоспарлаудың ақпараттық жүйесін (ERP) енгізу жөніндегі пилоттық жобаны орындау үшін 100000000 (бір жүз миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*